

*Абилкасимова Г.К.  
П.ғ.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Каршалова А.М., Бекей Хундыз  
«Кәсіптік оқыту» мамандығының 3 курс студенттері,  
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

ҚР «Білім туралы» заңына және Заңнамалық актілерге сәйкес тәрбие жұмысының ортасына әрбір адам қоғам пайдасына адал қызмет етуге, терең түсінуге және дайындықты ой немесе дене еңбегін қалыптастыруды алға қояды. Демек, еңбек тәрбиесі адам дамуында шешуші рөл атқарады. Еңбек бұл қоғамның материалдық немесе рухани байлығының негізгі қайнар көзі, адамның әлеуметтік абыройының басты шарты, оның асыл міндеті, тұлға тәрбиесінің ірге тасы [1].

Білім беру жүйесі бұдан әрі де адал, жоғары өнімділік еңбектің абыройын асқақтатуға, жұмыстағы шығармашылық пен ой бөлісуді дамытуға, еңбекке деген жағымды қатынастардың бастамаларын нығайтуға басымдық береді. Аталған мәселенің өмірге тәжірибелік тұрғыдан енуі жастармен жүргізілетін кәсіби бағдар беретін жұмыста сапалы түрде алға жылжуды қажет етеді.

Кәсіби өзіндікті анықтау тұлға дамуы жалпы үдерісінің маңызды жағы. Сыртқы әлеммен әрекеттесіп, өзінің мүмкіндіктері туралы қалыптасқан түсініктерді басшылыққа ала отырып және кәсіби кадрлардағы қоғам қажеттіліктерін саналы мөлшерде ескере отырып, жас тұлға өзін белсенді іздейді. Кейінгі түсіну қоғамға неғұрлым пайда әкелуге адамға мүмкіндік беретін және өз еңбегімен қанағаттанатын кәсіпті іздеуге мүмкіндік туғызады.

Кәсіби өзіндік анықтаудың табыстылығы үшін, оқушыларда қоғамға барынша пайда әкелетін, шешім іздеу ұмтылысында көретін саналы және құлықтылық себептері болуы керек, сонымен бірге кәсіп таңдау туралы дәлелді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін, арнайы білімдері қажет [2].

Кәсіп таңдау негіздері туралы оқушылардың білім жүйесі адамға әр түрлі кәсіптер қоятын талаптардың түсініктерін, елдің

(қаланың, ауданның) халық шаруашылығындағы қажеттіліктерін, сонымен бірге өзінің дербес психологиялық өзгешеліктерін (қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін, мінезінің ерекшеліктері) кіргізеді.

Кәсіби бағдар беру бұл шешімі табылуға тиісті өте күрделі кешенді мәселе. Өзінің әдістемесі және мазмұны жағынан оның психологиялық, педагогикалық, физиологиялық және әрекеттік аумағы жағынан әлеуметтік сипаты болады. Нәтижесі қоғамның экономикалық өміріне әсер етеді. Осыған байланысты, кәсіби бағдар беру қоғамның жұмыс күшін қайта өндірудің маңызды құралы болып табылады [3].

Адамның аталған ерекшеліктері мектеп, отбасы, басқа да референтті топтардан жалпы коммуникативтік құралдардан шығатын, сыртқы әсерлердің жиынтығына түсетін жалпы психологиялық негіздерін құрайды. Кәсіби бағыттылық дегеніміз бұл адам бағыттылығының бір бөлшегі, оның ерекше формасы. Кәсіби бағыттылық жалпы бағыттылық аясында қалыптасады және адамның дамуына қарай оның құрылымында жетекші орын алады. Кәсіптік бағдар беру дегеніміз - мектептің, оқу-орындарының, өндіріс ұжымдарының, жұртшылықтың, ата-аналардың, жас және жеке ерекшелігіне, олардың бейімділігіне, қызығуына, қабілетіне және қоғамдық кадрларды қажет ету талабына сай бірлесіп жүргізетін педагогикалық, психологиялық және т.б. жұмыстар [4].

Сондықтан, мектептерде оқушылардың кәсіптік мүддесі және олардың психофизикалық ерекшеліктері мен еңбек рыногының мүмкіндіктері арасындағы тепе-теңдікке жету, мектеп бітірушінің қандай болса да кәсіби жетістікті болжауы, жеке кәсіптік болашағын құру, сонымен қатар өзінің жеке кәсіптік өсуінің қиындықтарын жеңу, кәсіптік мақсатын көздеу, өмірлік жағдайлардағы тәсілдерге әрекет ету және т.б. үшін барлық жағдайлар жасалады.

Жастардың кәсіби бағыттылығының қалыптасу үдерісі жалпы бағыттылықтың бір бөлшегі ретінде күрделі көп деңгейлі, көптеген әлеуметтік және жеке факторлар мен шарттарға бағынышты үдеріс. Кәсіби бағыттылық дегеніміз - адам бағыттылығының бір бөлшегі, оның ерекше формасы. Кәсіби

бағыттылық жалпы бағыттылық аясында қалыптасады және адамның дамуына қарай оның құрылымында мәнді, жетекші орын алады.


Жастардың кәсіби бағыттылығына түрткі болатын компоненті ретінде олардың танымдық қызығушылығы, кәсіпке қызығуы, белгілі бір іс-әрекет түріне бейімділігі, мамандықты таңдау мотиві, мақсаттық компоненті ретінде - кәсіби құштарлық, ол мақсат қою және соған сәйкес құрал, жеткіншек осылардың көмегімен кәсіби мақсатына жетеді [5].

Бүгінгі таңда жастардың көпшілігі жоғары білімді талап ететін мамандықтарды алуға талпынып жатады. Соңғы кездерде Республикамызда жоғары оқу орын жүйесі даралана түсіп, мамандық иелері сұрыпталуда. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарына түсушілер қатары көбейе түсуде (сурет 1).

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты бұл болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру [6]. Сондықтан, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі - әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, осыған қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар:

- шығармашылық;
- белсенділік;
- әлеуметтік жауаптылық;
- жоғары интеллектілік;
- терең білімділік;
- кәсіби сауаттылық.

Білім беру бағытындағы кәсіби бағыт беру саласы күрделі де алуан түрлі. Кәсіби бағдар беру ісін жүргізу кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты. Мектепте кәсіби бағдар беру оқу-тәрбие үрдісінің құрамды бөлігі ретінде қаралады.



Сурет 1. Адамның белгілі бір әрекетке бейімделуіне негіз болатын факторлар бөлігі

Осыған орай, өскелең ұрпаққа болашақ мамандығын дұрыс тандап, кәсіби құзыретті маман болуына жағдай жасау қазіргі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Кәсіби кеңес беруге кең түсінік берсек, тұлғаны меңгеруге негізделген оқушының еңбегін өзін-өзіне анықтатуда көмек беру деп түсінуге болады. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының үш кезеңін көрсетуге болады [7]:

1. Кәсіптік бағдар берудің даярлық кезеңі онда оқушыларды саналы түрде мамандық таңдауына көмек берілу керек, ол мектептегі оқу кезеңін тұтас қамтиды;

2. Кәсіптік бағдар беруді аяқтаудың мақсаты оқушының қызығушылығы, бейімі, қабілеті, психофизиологиялық қабілетіне сай жүреді.

3. Нақтылаушы кәсіптік бағдар беру оны мектептен тыс мекемелер орта кәсіптік-техникалық мектептер, базалық кәсіпорындар т.б. іске асырады.

Жеке тұлғаны кезеңдегі дамуда кім болу, кәсіптік өзін-өзі анықтау және қандай болу, моральды өзін-өзі анықтау, сұрақтары ерекшеленбейді. Жеке тұлғаның бір жақсы, маңызды, әлеуметтік мәнді іс тындырғысы келеді, бірақ оның бәрі көбінесе арман. Белсенді де, жарқын болатын арманнан гөрі өмірлік жоспар бұл әрекет жоспары, сондықтан ол біріншіден, мамандық таңдауға тіреледі. Жеке тұлға үшін мамандық таңдау бұл белгілі деңгейде моральды мәселе. Мамандық таңдаудағы басты жетекші бұл өзіміздің қалауымыз, яғни таңдауымыз өз көңілімізден шығуы.

Сонымен бірге, жастардың қоғамдық сұраныстарға жауап беретін мамандықтарды таңдауына бағыт беру бұл қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі, бұл үшін біріншіден оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу, екіншіден түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу, үшіншіден кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білу.

#### *Әдебиеттер:*

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - Астана, Ақорда, 2007.
2. [revolution.allbest.ru/pedagogics](http://revolution.allbest.ru/pedagogics).
3. Әбілқасымова Г.К. Электрондық оқулық: «Кәсіби бағдар берудің теориясы мен әдістемесі» (зияткерлік меншік куәлігі №029, 15.01.2007.).
4. Әбілқасымова Г., Әшімбаева А.М. Kluczowe aspekty naukowej dzialalnosci – 2015: Materiały XI Międzynarodowej naukowo-praktycznej konferencji (7-15 stycznia 2015 roku). – Vol.7: Pedagogiczne nauki. - Przemysl. Nauka i studia, 2015. – С. 59-61.
5. Әбілқасымова Г., Әшімбаева А.М. Настоящи изследвания и развитие - 2015: Материали за XI международна научна практична конференция. – Т. 7: Педагогически науки. – София: «Бял ГРАД-БГ» ООД, 2015. – С. 19-21.
6. Пряжников Н.С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения / Москва, Издательство НПО Модэк, 2002. - 392 с.
7. Сазонов А. Д. Профессиональная ориентация молодежи. – М.: Высшая школа, 1989.– 272 с.